

С.С. Дарибеков, Е.Т. Акбаев, Т.А. Мукашев, С.К. Ержанова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: Seka28@mail.ru)*

Қазақстан Республикасының телекоммуникация саласының қазіргі жағдайын бағалау

Мақала республикадағы телекоммуникация саласының қазіргі даму жағдайына бағытталған. Телекоммуникацияның көмегімен жаһандану үрдісіне қажетті ақпараттың көлемі ұлғаяды және ақпараттық-телекоммуникация инфрақұрылымында ақпарат жеткізу шаралары кеңейеді. Нарықтың талабы телекоммуникация компаниялары үшін бәсекеге қабілеттілік деңгейдің тұрақты болуы және компания қызметіне ғылыми-техникалық әзірлеудің көмегімен бизнес-үдерістерді тиімді пайдалану міндеттері қойылады. Байланыстың нақты қасиеті қандай да бір сыртқы өнімнен көрінбейді. Ішкі, ақылы және сапалы электронды сигналдарды электронды түрде жіберу процесін жүзеге асыруға қатысады, ол үшін арнайы мақсатталған. Сонымен қатар бұл мақалада Қазақстанның телекоммуникация саласының дамуы төмендегі көрсеткіштермен сипатталған: көрсетілген қызмет түрлерінің орташа динамикасы, байланыс саласындағы қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша және байланыс саласындағы кірістердің құрылымы. Бұл ретте тиісті тұжырымдамалар жасалынды. Аталған сала жылдам өсетіндіктен, бұл әлемдегі технологиялық үдерістің көмегімен жүзеге асырылады. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар экономиканы өзгертуде және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Еліміздің ЖІӨ-де саланың шағын үлесі оның үлкен инвестициялық әлеуеті туралы айтады. Бұл әлеует Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне және телекоммуникация саласын жаһандық ақпараттық инфрақұрылымға интеграциялауына байланысты жүзеге асырылады.

Кілт сөздер: телекоммуникация, ақпараттық технология, трансформация, қызмет көрсетудің көлемі, байланыс саласындағы қызметтің негізгі көрсеткіштері, байланыс саласындағы кірістердің құрылымы.


Қазіргі заманғы экономика постиндустриалдық болып табылады және бұл ретте оны жиі жаңа, инновациялық, білімдер экономикасы, құзыреттер, желілік өзара іс-шараларды құрайтын экономика деп атайды. Соңғы уақытта экономикалық теория және бірқатар елдердің практикалық қызметінде «цифрлық экономика» ұғымы пайда болды. ХХІ ғасырдың басында ақпараттық революция мен экономикадағы жаһандану үдерістері негізінде цифрлық технологиялардың дамуы белең алады. Қоғамда және шаруашылық жүргізудегі процестерде ақпарат негізгі ресурс болды. Нарық субъектілерінің қызметін цифрлық трансформациялаудағы шешуші бір фактор цифрлық ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды дамыту болып табылады [1].

Телекоммуникация және байланыс саласы қазақстандық экономикада өспелі және бір-бірімен байланысқан сегмент болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды кеңінен енгізу еңбек өнімділігінің өсуіне әсер етеді, сонымен қатар отандық кәсіпорындардың өте қарқынды дамуына және олардың әлемдік экономикадағы интеграцияға кірулеріне себебін тигізеді. Ұлттық экономиканы реформалау кезінде телекоммуникация саласында елеулі өзгерістер жақсы жаққа қарай жылжыды. Аталған сала бойынша ұзақ мерзімге экономикалық өсудің кешенді өзгерістері байқалды. Телекоммуникация компанияларының өнімдері халықтың өмір сүру сапасы деңгейінің өсуіне, қазіргі бизнестің дамуына, халықаралық экономикалық байланыстарды нығайтуға және мемлекеттің бизнесті тиімді басқаруына ықпал етеді [2].

Телекоммуникация саласы көптеген мамандар зерттеулерінің негізгі пәні болып табылды. К.Х. Шадиеттің еңбектерінде Қазақстан Республикасының телекоммуникация қызметі нарығының қалыптасуы мен дамуы, сонымен қатар осы үрдістерді тиімді басқару механизмдері ұсынылды. Автордың пікіріне сүйенетін болсақ, телекоммуникация саласының дамуы мемлекет үшін маңызды болып табылады. Мемлекеттің жер көлемі жағынан өте ауқымды болуы, аудандардың арақашықтығының алыс орналасуы және ауылдық аймақтардың арақашықтығының алшақ болуы телекоммуникация саласын дамытуды алғашқы орынға қояды. Сондықтан республикадағы телекоммуникация саласын дамыту тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуында маңызды фактор болып қарастырылады [3].

Жыл сайынғы World Economic Forum ұйымының белгілеген Networked Readiness индексі бойынша телекоммуникация жүйесі және оны бағалау мүмкіншілігінің бағыттарына көз жүгіртетін

болсақ, әртүрлі ақпараттарға кездесеміз. 2002 жылдан бастап Дүниежүзілік экономикалық форум (ДЭФ) және Еуропалық іскерлік әкімшілік институты (INSEAD) әлемдегі ақпараттық қоғамның даму бойынша баяндамаларға сүйене отырып, «Ақпараттық технологиялар бойынша жаһандық есеп» (The Global Information Technology Report) атты мәлімет дайындайды, яғни Networked Readiness индексі бойынша мемлекеттердің индексі ұсынылады. 2016 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі және жүргізілген индексі бойынша Қазақстан Республикасы 40 орында орналысты. Қазақстан Республикасы 2015 ж. бұл көрсеткіш бойынша 139 елдің арасында 39 орынға иеленді. Ал ТМД мемлекеттерінің арасында алдыңғы орында: одан кейін Ресей (4,5), Әзербайжан (4,3), Армения (4,3) (1-сур.). Алғашқы үш орында — индекс бойынша Сингапур, Финляндия, Швеция мемлекеттері [4].



Ескерту. [4] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлармен есептелген.

1-сурет. NRI рейтингі бойынша Қазақстан Республикасының көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы

2012–2016 жж. аралығында Қазақстан үшін аталған индекстің мәнділігі 0,6 шамасында өсті, ал рейтинг бойынша мемлекет өзінің деңгейін 16 тармақ бойынша жақсартты. Рейтинг бойынша қатысушы-мемлекеттердің саны 139-дан бастап 148 мемлекетке дейін өсті. Мемлекеттерді бағалау 4 субиндекс бойынша анықталды: орта, дайындық, қолдану және әсер ету.

2016 ж. телекоммуникация нарығында тіркелген компаниялардың саны — 2720, оның ішінде 16 — ірі және 27 орташа компаниялар. Барлығы нарықта 598 компания байланыс саласында қызмет атқарады, яғни бүгінгі таңда олардың арасында 10 ірі компания сымсыз телекоммуникация саласында өз қызметтері бойынша үстемдік етуде. Компаниялардың негізгі қызметі келесі түрлерге бөлінеді: біріншісі, телекоммуникациялық байланыстарды сыммен қамтамасыз ету; екіншісі, Қазақстан нарығында телекоммуникация саласында спутниктік жүйе қызметімен айналысатын жалғыз компания бар; үшіншісі, кейбір шағын және орташа компаниялар басқа да байланыс түрлерімен айналысады. 2012–2016 жж. аралығындағы барлық жеке ұсынылған қызмет түрлері бойынша мәліметтерді 1-кестеден көруге болады.

1 - к е с т е

2012–2016 жылдар аралығындағы жеке ұсынылған қызмет түрлері бойынша деректер

Абоненттің түрі	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2016/2015 ж.
Тіркелген байланыс абоненттерінің саны, мың бірлік	4361,4	4393,0	4353,4	4147,8	3925,2	94,6
Ұялы байланыс абоненттерінің саны, мың бірлік	30235,4	30364,9	28595,6	26309,3	25534,8	97,1
Интернет желісі абоненттерінің саны, мың бірлік	1607,2	1976,0	2100,9	2305,6	2352,7	102

Ескерту. [5] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлармен есептелген.

Берілген 1-кестедегі мәліметтерге сүйенсек, 2016 ж., 2015 ж. қарағанда, тіркелген байланыс абоненттерінің саны 5,4 % -ке азайған, сонымен қатар ұялы байланыс абоненттерінің саны да азайған — 2,9 % құрады. Нәтижесінде абоненттің бұл түрлері 2016 ж. 3925,2 және 25534,8 бірлік мөлшерді құрады. Бірақ бұл көрсеткіш Интернет желісі абоненттерінің санына әсер еткен жоқ, яғни олардың саны 2352,7 бірлік мөлшерде кездесті, немесе 2 %-ке өсті.

Сондықтан берілген 1-кестеге қорытынды жасайтын болсақ, бүгінгі таңда телекоммуникация саласында пайдасы жоғары, бәсекеге қабілетті және келешегі бар байланыстың түрі сымсыз телекоммуникация байланыстары деп толық мәнде айта аламыз. 2012–2015 жж. аралығындағы байланыс саласының көрсеткіштері 2-кестеде берілген.

Бұнда көрсетілген мәліметтер бойынша, байланыс саласының қай жылдарын алсақта, бірқалыпты деңгейде өсу байқалады. Сала бойынша табыс ағымдағы жылдарда өткен жылға қарағанда 0,9 % -ке жоғары. 2015 ж. байланыс саласындағы табыстың түрі төмендегідей: жедел әрекет байланыс қызметтері бойынша (249,9 млрд тг), Интернет қызметі бойынша (194,1 млрд тг) және байланыстың басқа да түрлері бойынша (108,8 млрд тг) құрады.

2 - к е с т е

2008–2015 жылдар аралығындағы ҚР байланыс саласының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

(млрд тг)

Көрсеткіштер	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.		2015/2014 ж.
Байланыс қызметінен алынатын табыс	597,9	647,3	673,4	684,3	100 %	101,6
Оның ішінде						
Қалааралық және халықаралық телефон байланысы	40,5	42,6	41,5	34,4	5,0	82,9
Жергілікті телефон байланыс қызметтері	45,5	51,5	51,6	47,9	6,99	92,8
Деректерді беру қызметі	15	20,3	22,7	22,4	3,3	98,7
Интернет қызмет	105,6	137,9	169	194,1	28,4	114,9
Жедел әрекет байланыс қызметтері	308,1	296,6	286,2	249,4	36,4	87,3
Телебағдарламалар байланысы	14,5	18,2	21	27,2	3,9	129,5
Байланыстың басқа да түрлері	68,7	76,6	81,4	108,8	15,9	133,7

Ескерту. [5] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлар құрастырған.


2016 жылғы байланыс саласында алынған табыстың құрылымы 2-суретте берілген. Ол деректер бойынша, табыстың ең жоғарғы көзі жедел әрекет байланыс қызметтерінен (34 %), Интернет қызметінен (28,6 %) және байланыстың басқа да түрлерінен (21,8 %) алынды.

Жоғарыдағы 1, 2-кестелердің және 2-суреттің деректері бойынша, мынадай қорытынды жасауға болады:

– қазіргі уақытта жергілікті телефон байланыс қызметтері бойынша табыстың көлемі азайды. 2015 ж. барлық табыстардың құрылымы бойынша аталған қызметтің алатын орны 6,9 %-ті құраса, ал 2016 ж. 6,2 % тең болды. Байланыстың осы түрінің пайдасын жоғарлату үшін Қазақстан Республикасында «Ақпаратты Қазақстан–2020» мемлекеттік бағдарламасының аясында 98 % халық тіркелген байланыс түрімен қамтамасыз етілді, оның ішінде ауылдық аймақтарда жатқызылды;

– жедел әрекеті байланыс қызметтерінің көлемі де азайды, оның басты себебі ұялы байланыс абоненттерінің санының уақыт өткен сайын қысқаруы. Нәтижесінде ұялы байланыс қызметінің табысының азаюын байқаймыз. 2015 ж. бұл көрсеткіш барлық табыстардың құрылымының 36,4 %-ін алса, ал 2016 ж. 34 %-ті құрады. Арасындағы айырма 2,4 % мөлшерде болды. Негізгі басты себебі халықтың көп бөлігі ұялы байланыс қызметтерін қолданбай, керісінше, WhatsApp жүйесін қолдануға көшкен, сонымен қатар Интернет желісін көп пайдаланады;

– қазіргі уақытта Интернет желісін пайдаланушылардың саны күннен күнге өсуде. Осы тербелістің байқалуының негізгі бір себебі 4G/LTE байланыс қолданушыларының халық арасында көп болуы. Халықтың көп бөлігі тіркелген байланыс және ұялы байланысқа қарағанда, Интернет жүйесін соңғы уақытта жиі пайдаланады.



Ескерту. [5] әдебиет көзін пайдалана отырып, авторлар құрастырған.

2-сурет. 2016 жылғы байланыс саласының табыстарының құрылымы

Қазақстанда жаңа технологиялардың дамуының негізгі бағыттары қоғамның қажеттілігі мен ұлттық телекоммуникация инфрақұрылымының бәсекелестік талаптарымен анықталады. Телекоммуникацияның ілгерлі дамуы бизнес-инфрақұрылымына және мемлекетке сырттан инвестиция тартуға қолайлы жағдай жасайды. Сонымен қатар жұмысбастылық мәселесін шешуге, қазіргі заманға сай ақпараттық технологиялардың дамуына септігін тигізеді. Телекоммуникация саласының мәні мемлекеттің жалпы ішкі өнімінде үлестік жағынан тұрақты байқалады. Дамыған елдерде бұл 5 % құраса, ал Қазақстан Республикасында тек 2,5 % тең. Сондықтан болашақта осы саланы жетілдіру қажеттілігі уақыт талабына байланысты болады, яғни бәсекелестік ортаны кеңейту және көрсетілетін қызмет түрлерінің санын ұлғайту қажет [6].

Ақпараттық кеңістіктің жаһандануының ең басты кепілі — мемлекет үшін ақпаратты жедел түрде кез келген нүктеге жеткізу. Сондықтан телекоммуникация саласын дамытуды мемлекет тарапынан ынталандыру — ең басты міндет, яғни қызмет түрлері бойынша сұраныстың пайда болуы, көрсетілетін байланыс түрлері бойынша қызметтің сапасын жоғарлату және номенклатурасын дайындау.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі Мембағдарлама) орындалуда. Аталған бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 ж. 8 қаңтардағы № 464 Қаулысымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты – ақпараттық қоғамға көшу үшін жағдайлар жасау, сонымен қатар IT-қызмет нарығын дамыту [7]. Сонымен қатар қазақстандық IT-қызмет нарығының әлеуетін дамыту және сапасын жоғарлату үшін, қазақстандық IT-технологияны жетілдіру барысында мынадай қосымша шараларды қарастырған жөн:

– қазақстандық IT-қызмет нарығының экспорттық әлеуетін жоғарлату; ЖІӨ-нің құрамында ақпараттық-коммуникациялық технологияның өзіндік үлесінің (3–4 %) аз болуына байланысты мемлекет тарапынан IT-қызмет нарығын қолдау жұмыстарын жүргізу қажет. Сондықтан қазақстандық IT-қызмет нарығының экспорттық әлеуетін жоғарлату екі орталық бойынша жүзеге асырылуы қажет. Олардың қатарына «Назарбаев Университеті» және арнайы экономикалық аймақ «Алатау инновациялық технологиялар паркі» жатқызылады. Қазақстандық IT-қызмет нарығының экспорттық әлеуетін жоғарлату барысында IT-компаниялардың қызметін зерттеу, әлемдік нарыққа өтудегі IT-қызметтің тізбегі немесе номенклатурасын дайындау қажет. Аталған номенклатура реестрі жыл сайын жаңартылып отырады;

– «бұлтты» технологияларды енгізу. Мемлекеттік бағдарламаның аясында отандық «бұлтты» технологияларды дамыту мүмкіншіліктері мен оларды қолдану жұмыстары алға қойылады. Олардың қатарына қаражатты үнемдеудің икемді жүйесін енгізу, қызметтің ауқымын кеңейту, жұмыс үдерісін

жеделдету және ақпараттың ашықтығы жатқызылды. «Бұлтты» технологияларды қолдану операциялық шығындарды азайтады, яғни күрделі шығындарды қолданбай-ақ, компания үшін ИТ-ресурстардың құнының ашықтығын көрсетеді. Нәтижесінде негізгі қызметті қолданушылар халық үшін мемлекеттік қызметті көрсетудің сапасы жақсарады;

– электронды мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру. Қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында аталған мәселені пысықтау үшін заңнаманың жеке саласы – ақпараттық құқықты дамыту қажет. Сонымен қатар халыққа қызмет көрсету орталықтары және барлық орталық бөлімшелері бейне бақылау камераларымен қамтамасыз етіледі. Электронды үкімет порталы арқылы электронды қызметтің түрлерін көрсету жұмыстарын заңдастыру бағыттары жолға қойылған;

– халықты Интернет желісімен толық қамтамасыз ету. Қабылданған стратегиялық және нақты бағдарламалардың орындалуының мақсаты Интернет желісіне қосылудағы жылдамдықты көбейту және ФТТН-технологиясының нәтижесінде оңтайлы жолдарды енгізу болып табылады;

– мемлекеттік монополияны және телекоммуникацияның жаһандануы. «Ақпаратты Қазақстан – 2020» бағдарламасына сәйкес 2020 жылға дейін республиканың аймақтарында телекоммуникация инфрақұрылымын қалыптастыру бір деңгейде құрылады. Яғни жоғарғы жылдамдықтағы оптикалық және сымсыз технологиялық қызмет түрлері халық және бизнес саласының қызметкерлері үшін дайындалады. Халық үшін ақпараттық технологияға қолжеткізу 100 %-тік деңгейде қалыптасады, ал компьютерлік сауаттылық 80 %-ті құрайды.

Аталған бағдарламаның орындалу үрдісі жобаларды басқару мамандарының алғыр және қолжетімді білімділігін талап етеді, яғни ақпараттық қоғамды дамытудың басты міндеті ретінде беріледі. Жобаларды басқарудағы қолданылатын құралдар мен әдістер «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламаның орындалуындағы қойылған мақсаттарды тиімді қабылдауды қарастырады [8].

Телекоммуникация дегеніміз ақпараттарды жеткізудің әдістері, дыбыс белгілерін талдаудағы ақпараттарды, қоңырауларды, суреттер мен сызбаларды компьютерлік модемдер, спутник немесе ұялы телефон арқылы жеткізудің негізгі түрі болып табылады. Телекоммуникация бойынша ақпараттарды техникалық құралдармен реттеу телекоммуникация жүйесін құрайды [9].

Телекоммуникация нарығының дамуының негізгі жолдары ұялы байланыс сегментінде. Барлық уақытта кез келген адам үшін географиялық аймақтың қай жерінде жүрсе де, телефон байланысының, Интернет желісінің, электронды поштаның, факстің және басқа да байланыстың қажеттілігі туады. Қазіргі таңда ұялы байланыс біздің өміріміздің басты атрибуты деп айтсақ, артық болмайды. Қазақстанның телекоммуникация нарығы әлі де болса байланыс жүйесінде жанартпаны қажет ететін нарықтың түрі.

Жоғарыдағы айтылғандарды түйіндей келсек, телекоммуникация саласы — Қазақстанда әлемдік қоғамдық бірлестікті интеграциялаудағы басты фактор. Қазақстандағы байланыс нарығының дамуы экономикадағы дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. ЖІӨ-нің құрамында ақпараттық-коммуникациялық технологияның өзіндік үлесінің 3–4 %, осындай деңгейі бұл саланың әлеуетті мүмкіншілігінің жоғары екендігін көрсетеді. Бүгінгі таңда бұл саланың экономикалық өсуін байқаймыз және осы салаға сыртқы инвесторларды тартудың бағытының толық атқарылуына сенім білдіреміз.

Мемлекеттің телекоммуникация нарығының қазіргі жағдайына талдау жасай отырып, болашақта осы саланың міндеттерінің орындалуы жоғары деңгейде өткізіледі деп шешім қабылдауға болады. Алдымыздағы уақытта байланыс операторлары Интернет жүйесін толық қамтуға және халықты немесе тұтынушыларды осы байланысқа тартуға нақты жұмыс түрлерін жүргізеді. Компанияның сыртқы бәсекелестеріне қарсы тұруға барлық күш-жігерді салады.

Әдебиеттер тізімі

1. Өтеген А.Н. Цифрлық экономика негізінде қаржылық институттар қызметін трансформациялау / А.Н. Өтеген // Транзитная экономика. — 2017. — № 1. — 58–66-б.

2. Жетиру А.Ж. Транснациональные корпорации на рынке коммуникаций Казахстана / А.Ж. Жетиру, Р.Е. Елемесов // Вестн. КазНУ. Сер. Междунар. отношения и междунар. право. — 2014. — № 2. — С. 275–279.

3. Шадиев К.Х. Қазақстан Республикасында телекоммуникациялық қызмет көрсету нарығының қалыптасуы мен дамуы: жүзеге асыру механизмі: автореф. ... экон. ғыл. канд.: 08.00.05 – «Экономика және халық шаруашылығын басқару» / К.Х. Шадиев. — Алматы, 2010. — 26 б.

- 4 Показатели информационного общества РК [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [//zerde.gov.kz/images/Показатели %20информационного %20общества %20РК.pdf](http://zerde.gov.kz/images/Показатели%20информационного%20общества%20РК.pdf).
- 5 Официальный сайт Комитета по статистике МНЭ Республики Казахстан [Электронный ресурс]. — Режим доступа: stat.gov.kz.
- 6 Джакишева У.К. Перспективы развития телекоммуникационных услуг и пути их совершенствования. / У.К. Джакишева // Вестн. КазНПУ. — 2012. — С. 28–36 [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://group-global.org/>.
- 7 Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 464 Жарлығымен бекітілген «Ақпаратты Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464>.
- 8 Абдыгаппарова С.Б. Управление государственными проектами и программами / С.Б. Абдыгаппарова, А.М. Адилова // Вестн. КазНУ. Сер. экон. — 2015. — № 4(110). — С. 52–56.
- 9 Горюнов Е.В. Реализация комплексных ИТ-проектов в телекоммуникационных компаниях / Е.В. Горюнов // Мобильные телекоммуникации. — 2007. — № 6. — С. 52–57.

С.С. Дарибеков, Е.Т. Акбаев, Т.А. Мукашев, С.К. Ержанова

Оценка современного состояния телекоммуникационной отрасли Республики Казахстан

Статья посвящена современному состоянию развития телекоммуникационной отрасли в стране. С помощью телекоммуникаций усиливаются процессы глобализации путем увеличения объема информации, предоставляемой при помощи информационно-телекоммуникационной инфраструктуры. Рынок диктует телекоммуникационным компаниям задачи постоянного повышения уровня их конкурентоспособности на основе модернизации и оптимизации бизнес-процессов и внедрения в деятельность компаний передовых научно-технических разработок. Особенностью отрасли связи является отсутствие конечного продукта в вещественной форме. В отрасли осуществляются процессы преобразования электрических сигналов для экономичной, надежной и качественной передачи информации конкретному получателю, для которого она предназначена. Состояние развития телекоммуникационной отрасли в Казахстане в статье было определено анализом показателей динамики физических объемов предоставляемых услуг, динамики основных показателей работы отрасли связи страны, а также общей структуры ее доходов. При этом были сделаны соответствующие выводы. Данная отрасль является быстрорастущей, что обеспечивается благодаря технологическому процессу в мире. Информационно-телекоммуникационные технологии играют чрезвычайно важную роль в преобразовании экономики и повышении ее конкурентоспособности. Кроме того, незначительная доля отрасли в ВВП страны говорит о ее большом инвестиционном потенциале. Данный потенциал реализуется за счет вхождения РК в ВТО и интегрирования телекоммуникационного сектора в глобальную информационную инфраструктуру.

Ключевые слова: телекоммуникации, информационные технологии, трансформация, объем услуг, основные показатели работы отрасли связи, общая структура доходов от связи.

S.S. Daribekov, E.T. Akbayev, T.A. Mukashev, S.K. Yerzhanova

Assessment of the current state of the telecommunications industry of the Republic of Kazakhstan

This article is devoted to the current state of development of the telecommunications industry in the country. With the help of telecommunications, the processes of globalization are intensifying by increasing the volume of information provided through the information and telecommunications infrastructure. The market dictates to telecom companies the tasks of constantly increasing their competitiveness level based on the modernization and optimization of business processes and the introduction of advanced scientific and technical developments in the activities of companies. A peculiarity of the communication industry is the absence of a final product in material form. In the industry, the processes of conversion of electrical signals are carried out for economical, reliable and high-quality transmission of information to the specific recipient for which it is intended. The state of development of the telecommunications industry in Kazakhstan, in this article, was determined by an analysis of the following indicators: the dynamics of the physical volumes of services provided, the dynamics of the main indicators of the country's telecommunications industry, and the general structure of its revenues. At the same time, the relevant conclusions were drawn. This industry is fast-growing, as it is provided by the technological process in the world. Information and telecommunication technologies play an extremely important role in the transformation of the economy, and in enhancing its competitiveness. In addition, a small share of the industry in the country's GDP speaks of its great investment

potential. This potential is realized due to Kazakhstan joining the WTO and integrating the telecommunications sector into the global information infrastructure.

Keywords: telecommunications, information technology, transformation, volumes of services, basic indicators of the telecommunications industry, the overall structure of communications revenue.

References

- 1 Utegen, A.N. (2017). Tsifirlyk ekonomika nehizinde karzhylyk instituttar kyzmetin transformatsiialau [Transformation of financial institutions activity on the basis of digital economy]. *Tranzitnaia ekonomika – Transit Economy*, 1, 58–66 [in Kazakh].
- 2 Zhetiry, A.Zh., & Elemesov, R.E. (2014). Transnatsionalnye korporatsii na rynke kommunikatsii [Transnational corporations in the market of communication in Kazakhstan]. *Vestnik KazNU. Seriya Mezhdunarodnye otnosheniia i mezhdunarodnoe pravo – Bulletin of KazNU. Series of international relations and international law*, 2, 275–279 [in Russian].
- 3 Shadiyev, K.Kh. (2010). Kazakhstan Respublikasynda telekommunikatsiynylyk kyzmet korsety naryhynin kaliptasuy men damuy: zhuyhe asiru mekhanizmi [Formation and development of market of telecommunication services in the Republic of Kazakhstan: mechanism of realization]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 4 Pokazateli informatsionnoho obshchestva RK [The informational society of the Republic of Kazakhstan]. *zerde.gov.kz*. Retrieved from [//zerde.gov.kz/images/Показатели_20информационного_20общества_20РК.pdf](http://zerde.gov.kz/images/Показатели_20информационного_20общества_20РК.pdf) [in Russian].
- 5 Ofitsialnyi sait Komiteta po statistike MNE Respubliki Kazakhstan [Official website of the Committee on Statistics of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan]. *stat.gove.kz*. Retrieved from stat.gove.kz [in Russian].
- 6 Dzhakisheva, U.K. (2012). Perspektivy razvitiia telekommunikatsionnykh usluh i puti ikh sovershenstvovaniia [Prospects for the development of telecommunication services and ways to improve them]. *Vestnik KazNPU – Bulletin of KazNPU*, 28–36. Retrieved from <http://group-global.org> [in Russian].
- 7 Kazakkstan Respublikasy Prezidentinin 2013 zhylyy 8 kantardahy № 464 Zharlyhymen bekitilhen «Akparatty Kazakhstan – 2020» memlekettik bahdarlamasy [State Program «Information Kazakhstan - 2020» in the Republic of Kazakhstan]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464> [in Kazakh].
- 8 Abdygapparova, S.B., & Adilova, A.M. (2015). Upravlenie hosudarstvennymi proektami i programmami [Governmental projects and programs]. *Vestnik KazNU. Seriya ekonomicheskaya – Bulletin of KazNU. Economic series*, 4(110), 52–56 [in Russian].
- 9 Goryunov, E.B. (2007). Realizatsiia kompleksnykh IT-proektov v telekommunikatsionnykh kompaniakh [Realized complex IT projects in telecommunication companies]. *Mobilnye telekommunikatsii – Mobile telecommunications*, 6, 52–57 [in Russian].